

«БЕКІТЕМІН»

«Талпын» инклюзивті оңалту

балабақшасының

Директоры

Махутова М.Х.

«*Махутова*» 20 *24*ж.



**«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының  
2024-2025 оқу жылына арналған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Отырыстардың тақырыптары	Қатысушылар санаты	Жауапты
<b>ҚЫРКҮЙЕК</b>			
1	1. Педагогикалық әдеп және кәсіби мәдениет талаптарын түсіндіру. 2. Ұжым арасында педагогтің имиджі мен қарым-қатынас әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 3. Өтініштер мен ұсыныстарды қарау, қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтауын бақылау.	Ұжым	Кенес Мүшелері
<b>ЖЕЛТОҚСАН</b>			
2	1. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы аясында педагогтердің құқықтары мен міндеттері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. 2. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі және көпшілік ортадағы мінез-құлық мәдениеті туралы талқылау. 3. Хаттар мен арыз-өтініштерді қарау.	Ұжым	Кенес Мүшелері
<b>МАМЫР</b>			
3	1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысына қорытынды жасау. 2. Кеңес қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу. 3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспарларды бекіту.	Кеңес Мүшелері	Төрайым

# «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №1

09.09.2024 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.

Балабақша педагогтері – 8 адам

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп және кәсіби мәдениет талаптарын түсіндіру.
2. Ұжым арасында педагогтің имиджі мен қарым-қатынас әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
3. Өтініштер мен ұсыныстарды қарау, қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтауын бақылау.

## 1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Т.Кусайнова педагогикалық әдептің негізгі қағидалары туралы баяндама жасады. Ол педагогтердің қызмет барысында кәсіби мәдениетті сақтау, ата-аналармен, әріптестермен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста сыпайылық пен адамгершілік нормаларын ұстанудың маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар педагог қызметкердің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, еңбек тәртібі және әлеуметтік желідегі әдебі мекеме беделіне әсер ететіні айтылды.

## ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау барлық қызметкерлерге міндеттелсін.
2. Педагогтер арасында кәсіби мәдениетті қалыптастыру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Әдеп қағидаларын бұзудың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

## 2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Л. Бекиева сөз сөйлеп, педагогтің кәсіби имиджі мен ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті туралы ақпарат берді. Педагогтің мінез-құлқы, сөйлеу әдебі және ата-аналармен дұрыс байланыс орнатуы білім беру ұйымының оң беделін қалыптастыратыны атап өтілді.

Ұжым арасында өзара сыйластықты нығайту және қызметтік этиканы сақтау бойынша ұсыныстар айтылды.

## ШЕШІМІ:

1. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтерге ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас кезінде әдептілік сақтау ұсынылсын.
3. Педагог имиджін қалыптастыру бойынша әдістемелік кеңестер ұйымдастырылсын.

## 3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшесі Г. Кенганова келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарға талдау жүргізілгенін хабарлады. Қызметкерлер тарапынан педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша бақылау жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлердің әдеп талаптарын сақтауына мониторинг жасалып отырғаны туралы ақпарат берілді. Әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталмағаны/анықталған жағдайда тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

## ШЕШІМІ:

1. Өтініштер мен ұсыныстарды қарау жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.
2. Қызметкерлердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауына мониторинг жүргізу жалғастырылсын.
3. Әдеп талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
4. Әлеуметтік желілердегі қызметтік этика талаптарын сақтау педагогтерге ескертілсін.

Кеңес төрайымы:

Т.Кусайнова

Хатшы:

Ә. Муналбаева

**«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының  
педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №2**

16.12.2024 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.  
бөбекжай педагогтері – 7 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы аясында педагогтердің құқықтары мен міндеттері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі және көпшілік ортадағы мінез-құлық мәдениеті туралы талқылау.

**1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Кеңес төрайымы Т.Кусайнова Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының негізгі бағыттарына тоқталды. Баяндама барысында педагогтердің құқықтары, кәсіби міндеттері, еңбек қызметіндегі жауапкершілігі және педагог мәртебесін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары түсіндірілді.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби қызмет барысында әдеп нормаларын сақтау, білім беру процесіне жауапкершілікпен қарау, тәрбиеленушілер мен ата-аналардың құқықтарын құрметтеу қажеттілігі айтылды.

Педагогтер тарапынан заң талаптарына қатысты сұрақтар қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**ШЕШІМІ:**

1. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының талаптарын барлық педагогтердің қатаң сақтауына назар аударылсын.
2. Заң аясында педагогтердің құқықтары мен міндеттері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында әдістемелік кеңестер ұйымдастырылсын.

**2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:**

Л. Бекиева әлеуметтік желідегі педагог әдебі және көпшілік ортадағы мінез-құлық мәдениеті туралы баяндама жасады. Баяндамада педагогтің қоғам алдындағы беделі мен жауапкершілігі ерекше атап өтілді.


Әлеуметтік желілерде этикаға қайшы пікірлер жариялау, қызметтік беделге нұқсан келтіретін материалдар орналастыру педагогтің кәсіби имиджіне теріс әсер ететіні түсіндірілді. Сонымен қатар қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті, сөйлеу әдебі және қызметтік этиканы сақтау мәселелері талқыланды.

Кеңес мүшелері педагогтердің әлеуметтік желілерде мәдениетті қарым-қатынас жасап, әдеп нормаларын сақтау қажеттігін атап өтті.

**ШЕШІМІ:**


1. Педагогтерге әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп талаптарын сақтау міндеттелсін.
2. Қоғамдық ортада және интернет кеңістігінде педагог беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу ескертілсін.
3. Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік және мәдениет тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Педагогтердің кәсіби имиджін сақтау бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Т.Кусайнова

Хатшы:



Ә. Муналбаева

# «Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №3

26.05.2025 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.  
бөбекжай педагогтері – 5 адам

Күн тәртібінде:

1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысына қорытынды жасау.

2. Кеңес қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу.

3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспарларды бекіту.

## 1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Т. Кусайнова 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Жыл бойы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Сонымен қатар педагогтер арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, әлеуметтік желідегі әдеп талаптарын сақтау, ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті және қызметтік этика мәселелері қарастырылғаны баяндалды.

Жыл ішінде өтініштер мен ұсыныстар уақытылы қаралып, педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

## ШЕШІМІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Педагогикалық әдепті сақтау бағытындағы жұмыстар келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

3. Ұжым арасында кәсіби мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

## 2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Л. Бекиева кеңес қызметінің тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижелерімен таныстырды. Талдау барысында педагогтердің әдеп нормаларын сақтау деңгейінің жақсарғаны, ұжымдағы өзара сыйластықтың нығайғаны және ата-аналармен байланыс мәдениетінің артқаны айтылды. Сонымен бірге кейбір жағдайларда әлеуметтік желілердегі этика талаптарын сақтау мәселесіне қосымша назар аудару қажеттігі ұсынылды.

## ШЕШІМІ:

1. Кеңес қызметінің тиімділігі қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.

2. Педагогтердің әдеп талаптарын сақтауына бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

3. Әлеуметтік желідегі мәдениет пен педагогикалық имиджді сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

## 3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері келесі 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен ұсыныстарды талқылады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы психологиялық ахуалды нығайту, жас мамандармен жұмыс жүргізу және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату бағытында іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби беделін арттыру және құқықтық сауаттылығын жетілдіру бойынша семинарлар өткізу қажеттігі айтылды.

## ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Педагогикалық әдеп талаптарын насихаттау бойынша іс-шаралар жоспары жасақталсын.

3. Жас мамандарға әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.

4. Педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыруға бағытталған семинарлар өткізу жоспарлансын.

Кеңес төрайымы:

Т.Кусайнова

Хатшы:

Ә. Муналбаева